

## **5. Жұмыссыз ретінде тіркелу үшін қайда жолығу керек, мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға мүмкіндік бар ма?**

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» №482-V Заңына сәйкес «Жұмыс іздеп жүрген, жұмысы және (немесе) табысы (кірісі) жоқ адам жұмысқа орналасуына жәрдемдесу үшін өтініш білдірген кезде, тұрғылықты жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталығында не «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы мынадай құжаттардың:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) еңбек қызметін растайтын құжат (бар болған кезде);
- 3) білімі, біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат (бар болған кезде) негізінде жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеледі.

Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыс іздеп жүрген адамды тіркеген күннен бастап он жұмыс күні ішінде лайықты жұмыс таңдау арқылы оған жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі, сондай-ақ тегін әлеуметтік кәсіптік бағдарлау бойынша қызметтер көрсетеді.

Жұмыс іздеп жүрген адам үш жұмыс күні ішінде кемінде бір рет халықты жұмыспен қамту орталығына, ал ауылдық елді мекендерде тұратындар кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне бару арқылы жұмыс іздеуге мүдделілік білдіруге тиіс.

Егер, жұмыс іздеп жүрген адамға тіркеген күннен бастап он жұмыс күні ішінде лайықты жұмыс табылмаса, оны жұмыссыз ретінде тіркейді.

Жұмыс іздеуші жұмыссыз ретінде тіркелгеннен кейін оған жұмысқа орналасуға жәрдемдесу мақсатында бос жұмыс орындары, жастар практикасы, әлеуметтік және қоғамдық жұмыс орындары және кәсіптік оқу ұсынылатын болады.

Халықты жұмыспен қамту орталығында тіркелген жұмыссыздар – он жұмыс күні ішінде кемінде бір рет халықты жұмыспен қамту орталығында, ал ауылдық елді мекендерде тұратын жұмыссыздар айына кемінде бір рет кент, ауыл, ауылдық округ әкімінде белгіленіп тұруға тиіс.

Толық мәлімет алу үшін тұрғылықты мекен жайыңыз бойынша жұмыспен қамту орталығына жолығуыңызға болады.